

Кімге: ҚР Ұлттық экономика министрлігі

Автордың аты-жөні және лауазымы: Есембаев Нурсултан
Дуйсембаевич- Мақаншы ауданы мәслихатының аппарат басшысы

Күні: 24.01.2025

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Тақырыбы: Қазақстанның ішкі нарығындағы несие бағыты туралы

Кілт сөздер: Несие, микроқаржы, халық, қарыз, қаржы, мемлекет, реформа

Кіріспе:

Қазақстанның қаржы жүйесінің неғұрлым серпінді дамып келе жатқан секторы банк секторы болып табылады. Кез-келген экономика объективті экономикалық заңдарға сүйенеді, олардың бірі – ақша айналымы Заңы. Жазбада жалпы несиеге түсінік, Қазақстандық банктердің қолайсыз пайыздық мөлшерлемелері, «Қарызсыз қоғам бағдарламасы», басқа елдер туралы мысалдар жазылған.

Несиенің экономикалық мәні Несие (латын *creditum* - қарыз, қарыз) – бұл ең күрделі экономикалық санаттардың бірі. Нарықтық экономиканың өзгермейтін Заңы – ақша үнемі айналымда болып, үздіксіз айналымда болуы керек. Уақытша бос ақша қаражаты дереу несие капиталы нарығына түсіп, несие және қаржы институттарында жинақталып, содан кейін тиімді іске қосылып, қосымша инвестициялар қажет болған экономика салаларына орналастырылуы керек. Бұл меншіктің нақты көрінісі – қарыз алушының алған несиеcін пайыздарды төлей отырып уақытында қайтару міндеті. Кейінгі үш жылда Қазақстанда тұтыну несиеcін алғандар саны артқан.

Ағымдағы жағдай:

2023 жылғы деректер бойынша 8,4 млн халықтың мойнында 18 трлн теңге қарыз бар. Соның ішінде шағын микроқаржы ұйымдарынан 197 млрд теңге онлайн-қарыз рәсімделген. Мұны азайтуға 2019 жылғы кредитті кешіру науқаны көмектескен жоқ. Қаржы нарығын реттеу және дамыту

агенттігінің мәліметіне сәйкес тұтыну несиесін беру сегментінде кейінгі үш жылда өсім байқалды. Қазақстандықтар 18 трлн теңгеге несие алған. Ал несие алушылар саны 8,4 миллионнан асты. Салыстырмалы түрде, 2023 жылы бюджетке жалпы 17,8 трлн теңге түседі деп жоспарланса, алынған несиелер көлемі одан да асып отыр.

Проблемалық қарыздар бойынша, 1,7 млн қазақстандық 90 күннен астам уақыт бойы несиесін төлей алмай жүр. Олардың қарызы 1,4 трлн теңгеден асады. Бұдан бөлек, ел тұрғындары рәсімдеген онлайн-микрокредиттер көлемі 197 млрд теңгені құрайды, қарыз алушылар саны 1,09 млн адамға жетті. Осының бәрі несие проблемасының қаншалықты асқынып кеткенін көрсетеді.

«Қазір банктерден шектеусіз кредит алып, қарызға белшесінен батып отырған азаматтарымыз көп. «Халық несие қамытын киіп отыр» десе де болады. Адамдардың несиеге тәуелділігі мен қаржылық сауатының төмендігі үлкен әлеуметтік проблемаға айналды.

Негізгі бөлім

«Аманат» партиясының «Қарызсыз қоғам» жобасына республиканың 8 өңірінде 52 мың адам қатысқан болатын. Сауалнамалар жүргізілді.

«Көпбалалы отбасылар балаларын киіндіру үшін несиеге жүгінетінін білдік, әсіресе 1 қыркүйек жақындағанда мектеп киіміне көп шығынданады. Сосын қыс жақындағанда тұрғындар жаппай көмір сатып алады. Бала саны көбейген сайын үйдің ауқымы да өседі, үй жанынан қосымша бөлме салуға, техникаға, той-салтанаттарға несие алу фактілері бар. Оған қоса, азық-түлік күннен күнге қымбаттап барады. Тіпті дүкеннен нан алмай, 4-5 қап ұн алып, үйде нан пісіріп жан бағып отырғандар бар. Қазір мектептегі балаларды тегін тамақтандыру осы отбасыларға үлкен көмегін тиігізіп отыр.

Жасыратыны жоқ азық-түлік алып, оны «КаспиРедке» алатындар да бар. Бұл олардың экономикалық жағдайын кемсіту емес, мемлекетке жаңа реформалардың қабылдау қажеттігін ескертеді. Бұл қазақстандықтардың таза табысы төмендегенін білдіреді. Яғни сауда айналымы рыногын реттеу қажет. Жәй ғана қарайым ауылдарда (ал ол жақта табыс көлемі аз) ел арасында қара дәптер атанып кеткен дәптерге қарыздарын жаздырып, азық-түлікті қарызға алып отыр. Сонымен бірге жастардың несиеге әуестігі ерекше алаңдатуда. Жастардың 85 пайызы техника-смартфон секілді гаджеттерге әуестеніп несие алған. Сондай-ақ жеткізу жұмысымен

айналысып, табыс табу үшін самокат-мопед алғандар бар. Ал тек қана 5 пайызы өз білімін жетілдіруге, тағы 5 пайызы – бизнес ашуға қарыз алған.

«Ең ауыры – зейнеткерлердің жағдайы, олар балалары мен немерелерінің несиесін өз зейнетақысынан төлеп отыр.

«Қарызсыз қоғам» курсына қатысқандардың 61 пайызы банктерге қанша үстемеақы төлейтінін білмеген. Қолында несие туралы келісімшарт та, төлеу графигі де жоқ. Ал 69% қатысушының ертеңге күнелтетін ақшасы жоқ. Сондай-ақ қатысушылардың 80% табысты арттыру жолдарын үйренгісі келеді. Соған байланысты, халықты жаңа дағдыларға оқытуға қаражат бөлу керек деп ойлаймын. Қазақстандағы кредиттердің пайыздық мөлшерлемесі бірнеше факторға байланысты өзгеріп отырады. Мысалы жеке тұтыну қарыздары, автокредиттер, ипотекалық несиелер, шағын және орта бизнеске берілетін несиелер арасында пайыздық мөлшерлемелер әртүрлі болады. Кредиттің мерзіміне байланысты пайыздық мөлшерлемелер де өзгеріп отыруы мүмкін. Қысқа мерзімді кредиттер әдетте орташа пайызбен беріледі, ұзақ мерзімді несиелерде мөлшерлеме жоғары болады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда тұтынушылық несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелер орташа есеппен 15%-дан 25%-ға дейін ауытқиды. Ипотекалық несиелер үшін мөлшерлеме 10%-дан 14%-ға дейін өзгеріп тұруы мүмкін, ал автокредиттер үшін де осы аралықта болады.

Елімізде әртүрлі бағдарламалар шығып, «EGOV» арқылы несие алмау туралы бағыттары қарастырылғаны көңіл қуантады. Бірақ біз қашан пайыздық мөлшерлемені азайтамыз. Біздегі банктер мемлекеттен көп мөлшерде қолдау алады. Сонымен бірге проценттік үлесі көп несиелермен байып отыр деуге болады. Шетелдік пайыздық мөлшері төмен банктерді ішкі нарыққа кіргізетін уақыт келген секілді. Себебі бізде банктер арасында бәсекелестік жоқ. Бағыттары ұқсас. Ал шетелдік банктер келсе біздегі банктер ішкі нарықтық экономикалық бәсекелестікке байланысты өз пайыздық мөлшерлемесін еріксіз төмендетеді.

Әлемде ең төменгі пайыздық мөлшерлемелер көбінесе экономикалық жағдайларға, инфляция деңгейіне және орталық банктердің ақша-кредит саясатына байланысты болады. Қазіргі кезде кейбір елдерде төмен пайыздық мөлшерлемелер ұсынылады пайыздық мөлшерлемелері төмен елдерге мыналар жатады:

1. Жапония: Жапонияның орталық банкі көп жылдан бері өте төмен пайыздық мөлшерлемелерді ұстап келеді. Бұл елде экономиканы ынталандыру үшін ұзақ уақыт бойы теріс пайыздық мөлшерлемелер қолданылып келеді.

2. Швейцария: Швейцарияның орталық банкі де теріс пайыздық мөлшерлемелерді қолдану тәжірибесін пайдаланып, инфляцияны бақылап отыр. Бұл елде қарыздар өте төмен пайызбен беріледі.

3. Еуроаймақ (Еуропа Одағының кейбір елдері): Еуропалық Орталық Банк (ЕОБ) төмен пайыздық мөлшерлемелер саясатын ұстануда. Бұл аймақтағы елдерде, мысалы, Германия, Франция, Нидерландтар сияқты елдерде қарыз алу шарттары қолайлы болып тұр.

4. Дания: Данияда да соңғы жылдары өте төмен пайыздық мөлшерлемелер байқалады, кей жағдайларда теріс пайыздық мөлшерлемелер кездеседі.

Қорытынды:

Әрине, қарызға бату – көптеген қоғамдарда кездесетін күрделі мәселе. Бұл әлеуметтік, экономикалық және психологиялық тұрғыдан да үлкен әсер етуі мүмкін. Қазақстанда да осы мәселе өзекті. Қарызға бату қоғамдағы кедейлік, табыстың төмендігі, қаржы сауаттылығының жеткіліксіздігі сияқты факторлармен тығыз байланысты. Оны шешу үшін бірнеше жолды қарастыруға болады:

1. Қаржылық сауаттылықты арттыру: Қаржы мәселелері жөніндегі білімділік, яғни азаматтардың ақшаларын қалай басқару, қарыздан қалай құтылу керектігі туралы білімділігін арттыру маңызды. Бұл үшін мектептерде, жоғары оқу орындарында және түрлі қоғамдық ұйымдарда қаржы сауаттылығын үйрету курстары ұйымдастырылуы керек.

2. Жалақы деңгейін арттыру: Адамдардың табыстарының жеткіліксіздігі қарызға батуға себеп бола алады. Осыған байланысты, елде жұмысшылардың жалақысын арттыру, еңбек нарығын дамыту, кәсіпкерлік үшін қолайлы жағдайлар жасау қажет.

3. Қарызды басқарудың тиімді жүйесі: Қарызға батқан адамдарға көмек көрсету үшін мемлекет пен банк секторлары тиімді қолдау көрсетуі керек. Мысалы, қарыздарды қайта құрылымдау, ұзарту немесе жеңілдетілген пайыздық мөлшерлемелер енгізу сияқты шаралар қабылдануы мүмкін.

4. Қаржы мекемелерін реттеу: Қарыз беруші мекемелердің, әсіресе микроқаржылық ұйымдардың, тек заңды және этикалық ережелер бойынша жұмыс істеуін қадағалау керек. Қарыз алушыларды қорлаушы пайыздық мөлшерлемелер мен жасырын төлемдерден қорғау үшін қатаң реттеу жүргізілуі тиіс.

5. Психологиялық көмек көрсету: Қарызға батқан адамдардың психологиялық тұрғыдан да қиын жағдайларға түсуі мүмкін. Олар үшін арнайы психологиялық кеңес беру орталықтарын ашу, сондай-ақ қарызбен күресу бойынша психологиялық тренингтер мен консультациялар ұйымдастыру қажет.

6. Әлеуметтік қолдау көрсету: Әлеуметтік тұрғыда әлсіз топтарды қолдау, мысалы, көпбалалы отбасылар, жалғызбасты аналар, мүгедектер және т.б. үшін арзан тұрғын үй, медициналық қызметтер және азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселелерін шешу қажет.

7. Қарызды кешіру бағдарламалары: Кейбір жағдайларда, мемлекет немесе қаржы ұйымдары қарыздарды кешіру, бір бөлігін жою немесе төмендету туралы шешім қабылдауы мүмкін. Бұл әсіресе қиын экономикалық жағдайда жүрген азаматтарға көмек болуы мүмкін.

8. Шетелдік банктерді Қазақстанға кіргізу.

Қазіргі күні әлемдік нарық экономикасы үлкен күшпен алға дамып келеді. Әлемдік державалар тауар айналымы мен көлік өндірісін алға қойды. Қазақстанның экономикалық тұрақтылықты сақтауы үшін алдымен азық-түлік бағасына байланысты (19 түрлі өнімнен бөлек, барлық түріне бақылау жасау). Антимонополиямен жұмыс жасау. Сонымен бірге, жоғарыда айтып өткен банк секторына пайыздық мөлшерді төмендететін реформаларды, нақты бағыттарды ойластыру керек деп ойлаймын.

Пайдананылған дереккөздер тізімі:

1. «Егемен Қазақстан» газетінің тілшісі Абай Асенкелдінің <https://egemen.kz/article/351742-elimizde-84-mln-adam-qaryzgha-batqan> мақаласы пайдаланылды.

2. Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002444>

3.Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000573>

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 18 қаңтардағы №18 қаулысы

<https://primeminister.kz/decisions/18012024-18>